

● ЖАНАЙҚАЙ

«Қазпошта» мемлекеттік саясатқа қарсы ма?

Не десек те, Кеңес үкіметінің идеологиясының мықтылығы сол – оразамызды газетпен ашатын едік. Тіпті, үлкен мекеме басшылары, қазіргіше айтқанда әкімдердің үстелінде сағат тоғыздан газеттің жаңа номері жататын.

Бүгінгі жағдай қандай? Газетті халыққа жеткізетін «Қазпошта» дүрыс жұмыс істемейді. Мәселен, мен соңғы рет газетті өткен айдың 10 күні алдым. Содан бері бүгінге дейін әлі ала алмай отырмын. Оның алдында Баспасөз күнінде алған едім.

Пошта – Үкіметтің халық үшін атқарып отырған қызметін көрсететін бірден-бір ұйым. Ал, менің ойымша «Қазпошта» байланыс мекемесі Үкіметтің көзқарасына, Үкіметтің ұстанымына, саясатына насихаттауға қарсы. Тіпті, Үкіметке қарсы.

«Орталық Қазақстан» газеті – Президент саясатын насихаттаудан бастап, облыста атқарылып жатқан істерді, жағымды-жағымсыз жаңалықты жедел жеткізетін бірден-бір басылым. Ал, байланыс қызметінің жұмысының салғырттығынан қарапайым халық облыста атқарылып жатқан жұмыстарды, әкімнің жасап жатқан шаруаларын біле алмай отыр.

Біз «Облыста ештеңе жасалмайды. Жасалған күнде де байланыс мекемесі облыстағы игі істерге қарсы» деген ойдамыз.

30 жыл Шет ауданының байланыс мекемесін басқарған Мейрамбек Балтин деген азаматты танимын. Өзі байланыс қызметінің ардагері. Газет жетпей қалғанда соның өзі: «Қаске, баяғыда бір үйге газеттің бір номері жетпей қалса, аудандық партия комитеті тұрғызып қойып, жауап алатын еді. Байланыс мекемесінен жауапкершілікті сұрайтын құзырлы орган бар ма?» деп кынжылады.

Ақшаны алудай алғанымен, қоғамға қарсы жұмыс істеп, халықтың жаңалықпен танысуына мүмкіндік жасағысы келмей отырған мекемеге сөзі өтетін кім бар?! Сонау сұрапыл соғыс жылдарының өзінде халыққа хат-хабар келіп тұрды.

Қарағандының басында отырып, газет ала алмай отырғанда, ауылдың жағдайын жылы жауып қойса да болады. Барса айына бір рет барар, бармаса ол да жоқ.

Өзім газет оқығанды жақсы көремін. Осы байланыс қызметінің жұмысы салдарынан журналистердің көтерген проблемасын әбден ескіріп кеткенде оқимыз.

«Қазпоштаның» жұмысын тексеру керек немесе қозғау салу керек. Оқырман ретінде құзырлы органдар осы мәселемен шұғылданса деген ойым бар.

Баспасөз – ағартушы, халықты жаңалыққа кенелтуші сала. Баспасөз билік пен бұқара арасындағы алтын көпір, байланыс емес пе?! Біз осы байланысқа зорұмыз.

Газеттің 8 бетінде бүкіл облыстың жаңалығы тұр. Оқимыз, түсінеміз, ой қорытамыз. Жақсылығына қосыламыз, жаман болса, қоса дабыл көтеріміз. Осыған зәру болып қалдық. Халық жазылудай жазылады, бірақ газет алмайды. Газет тиражының төмендеп кетуінің бірден-бір себебі – осы.

Оқырман ретінде осы жанаикайымыз облыс әкіміне жетсе деген тілегіміз бар!

Қасым ОРЫНБЕТОВ,
ардагер журналист

● ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қаһарлы қыс қамсыздықты кешірмейді

Теміртауда жылу көздері мен жылу желілерін ауқымды реконструкциялау жұмыстары жүріп жатыр. Кестеден кешігуі де бар. Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склиар жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын тексеріп, құрылыс-монтаждау жұмыстарын уақытылы аяқтау қажеттігін белгілеп, ескерту жасады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамы екінші жылу электр орталығындағы жылу беру маусымына дайындық барысы және жетінші қазандықтың құрылысы туралы кәсіпорынның бас директоры Владимир Яблонский баяндады. Оның айтуынша, үш қазандық пен үш турбиналы генераторды жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Ал, жетінші қазандықты орнату бойынша маңызды жобаны іске асыру кешіктірілуде. Нысанда жұмысшылар санының кемдігінен негізгі жабдықтар белгіленген межеден кешігіп орнатылуда.

Мердігер ұйым «АВ Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшылығының есебін тыңдаған вице-премьер кәсіпорын жұмысына көңілі толмайтындығын жеткізіп, жұмыс қарқынын үдету қажетін алға тартты.

Роман Васильевич жылу желілерін жөндеу бағдарламасымен жігі танысып шығып, қалада жылу желілерінің тозған учаскелерін реконструкциялау бойынша жекелеген кеңестерін жұмыс тобына ұсынды. Бастысы, кешенді жылу беру маусымы басталғанға дейін аяқталуы тиіс.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары облыстың басқа да бірқатар энергия тартатын нысандарын аралады. Ол Топар, Шахтинск және Қарағандыға барды.

Өз кезегінде «Топар» мемлекеттік аймақтық электрстанциясының негізгі және қосалқы жабдықтарды күрделі және калыпты жөндеу жұмыстары кесте бойынша жүріп жатқанын хабарлады.

– Бүгінгі таңда жөндеу бағдарламасы



60%-ға орындалды. Көзделген жоспардан кешікпей емесіміз. Мойнымызға алған барлық міндеттемелерді уақытылы орындаймыз, – деп сендірді «Топар» мемлекеттік аймақтық электрстанциясының операциялық директоры Александр Бузо.

Ал, Шахтинск жылу электр орталығының тозу деңгейі – 75 %. Ахуал – күрделі.

10 жыл бойы орталық күрделі жөндеу көрмеген. Биыл үш қазандық пен екі турбина жаңғыртылуда. Роман Склиар барлық жұмыс уақытында аяқталуы керек екенін және ескертті.

Бұнымен бірге, жөндеу науқаны туралы бірінші вице-премьерге «Қарағанды Энергоорталық» компаниясының бас-

шылығы да баян етті. Ол облыс орталығының тұтынушыларын жылумен және электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Құрамына екі энергия көзі кіреді. Олар – үшінші жылу электр орталығы және бірінші жылу электр орталығы. Алдағы жылу беру маусымына дейін жалпы 16 қазандық пен 10 турбина жөнделмек. Жұмыс кестемен жүріп жатыр. Биылғы жөндеу бағдарламасының жалпы құны 13 млрд. тенгеден асады.

Сондай-ақ, Роман Склиарға үшінші жылу орталығы құрылысының барысы туралы айтылды. Жоба кезең-кезеңмен жүзеге асырылып жатыр. Оны іске асыру жылумен жабдықтау жүйесін жақсартуға және қаланың жаңа нысандарын жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Уланған балалардың үшеуі ауруханадан шықты

Облыстың денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі жақсы жаңалықпен бөлісті. Кеше уланған балалардың үшеуі ауруханадан шықты. Басқармада хабарлағандай, алты бала әлі де жансақтау бөлімінде.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешегі күнге дейін ауруханада барлығы тоғыз бала болды. Жансақтау бөлімінде жатқан алты баланың екеуі Қарағанды қаласының №1 ауруханасында, қалған төртеуі – облыстық кли-

никалық ауруханасының жұқпалы аурулар орталығында.

Ауруханадан шыққан үш бала бұған дейін нейробокста болған. Дәрігерлер олардың жағдайын жақсарғанын айтты. Өткен аптада ауруханадан жағдайының жақсаруына байланысты екі бала шыққанын айта кеткен жөн.

Қарағанды облысының балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында балалардың улану жағдайы елді дүрліктірген еді. Талдау нәтижелері ауруханаға түскен балалардың тамақтан уланбағанын көрсетті. Қазіргі уақытта нақты себептерін анықтау үшін кеңейтілген зерттеу жүргізілуде. Мәселе – Денсаулық сақтау министрлігі мен облыс әкімдігінің қатан бақылауында.



● БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Бұқардың жыры – бұқара мұңы

Бұқар жыраудың 355 жылдығы Арқада дүркіреп өтті. «Бұқарекен жырылайды» деп аталған республикалық фестивальге еліміздің түпкір-түпкірінен жиырмадан астам жыршы-жырау келді. Мұндай той Қарағандыда бұрын-соңды болмаған.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль 3 тамызда Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде басталған еді. Нүктесі Қарағандыда қойылды. Облыс орталығындағы фестиваль жалғасы конференциямен басталды. Кездесуде журналистер алыс-жақыннан келген жыраулармен сұхбат құрып, Бұқар бабаның шығармашылығы хақында ой алмасты. Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, жырау Алмас Алматы Бұқар баба мұрасының бүгінгі қоғамдағы өзектілігі жайында ой қозғады.

– Бұқар жырау – тарихи тұлға. «Ай – ортақ, күн – ортақ, жер – ортақ. Елімнен шыққан ер – ортақ», – дейді. Бұқар жырау – бүгін қазақтың, Алаштың бірлігінің

күретауы. Шығармашылығында елдік мәселе қозғалады. Ұлт болып ұйысудың маңызын өзінің жырларымен жеткізген. Ол хан алдында да, қара алдында да тайсалмай сөйлеген. Бұқар жырау біздің 1000 жылдық мәдениетімізді бойына сіңіріп, соны жырларына арқау еткен. Баба жырлары өзектілігін әлі жоғалтпады. XXI ғасырға жеткен мұралары ұлтқа бағыт-бағдар нұсқарына күмән жоқ, – деді Алмас Алматы.

Маңғыстау облысынан арнайы келген Амандық Көмеков те өзінің лебізін білдірді.

– Бұқар жыраудың жырлары әлі күнге дейін өз халқымен бірге жасап келеді. Көмекші әулие өз жұртының қайғысын, мұңын дөп басып айтқан. Абылай ханның жанында кеңесші бола жүріп, сая-



си мәселелердің шешілуіне ықпал еткен қайраткер. Мұндай алып тұлға ғасырлар

бойы дәріптелуі керек, – деді Амандық Көмеков.



Қоныстанушыларға – қомақты қолдау

Аймаққа «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының «Өңіраралық еңбек ұтқырлығы» бағдарламасы аясында бес отбасы немесе 23 адам қоныс аударған. Оларға әлеуметтік қолдау мақсатында біржолғы көмектен бөлек, экономикалық ұтқырлық сертификаты берілді. Бұл туралы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова облыс әкімінің аппараттық жиынында мәлімдеді. Сала жетекшісі қандастар және баспана іздеушілермен, босқындар мәселесіне де кеңінен тоқталды.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облысқа қоныс аударушыларды ынталандыруда жол картасына сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Оларға тұрғын үй сатып алғанға дейін 12 айға дейін отағасына және отбасының әрбір мүшесіне тұрғын үй жалдау және коммуналдық қызмет шығындарын өтеуге ай сайын және 70 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы материалдық көмек қарастырылған, – деді басқарма басшысы Әсем Жүніспекова.

Биыл 33 адам қоныс аударды деп жоспарланса, соның 70%-ы өңірлерге қоныстанып үлгерді. Атап айтқанда, төрт отбасы Нұра және бір отбасы Ақтоғай ауданына көшіп келді. Оның ішінде, еңбекке жарамды төрт адам – тұрақты жұмысқа, біреуі – қоғамдық жұмысқа орналса, үш адам – мал шаруашылығымен айналысып, екеуі бала күтімімен отыр.

Жалпы, қоныс аударушыларға әлеуметтік қолдау мақсатына облыстық бюджеттен 30,9 млн. теңге бөлінген. Оның 24 млн. теңгесі – экономикалық ұтқырлық сертификатына, 6,9 млн. теңге – көшуге, тұрғын үй жалдауға арналған субсидия ретінде қарастырылған. Ал, қоныс аударушыларға 10,1 млн. теңге көлемінде материалдық көмек төленді.

Жиын барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қоныс аударушыларға белсенді көмек көрсетуді тапсырды.

– Қоныс аудару бағдарламасына қатысушыларға көмек көрсету бойынша жұмысты жалғастыру керек. Ақтоғай және Нұра аудандарының әкімдері ұлттық жоба және өңіраралық еңбек ұтқырлығы бағдарламасы шеңберінде қоныс аударушыларға квоталар бойынша көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі қажет. Материалдық көмек төлеуді бақылауда ұстаныңдар! – деді аймақ басшысы.

мегенімен, баспана іздеуші мәртебесімен тіркелген 15 адам бар. Олар Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларында тұрады. Бұлардың да көпшілігі – еңбекке жарамды адамдар.

Аймаққа еңбек иммигранттары



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Аймақ қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына кірмесе де, жыл басынан бері аймаққа Өзбекстан, Моңғолия, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Беларусь елдерінен қандастар келген. Басым көпшілігі – экономикалық белсенді халық, ішінде кәсіпкерлер – 90, зейнеткер – 17 адам бар. Көпшілігі Теміртау және Қарағанды қалаларына қоныстанған.

Басқарма басшысының айтуынша, облыста босқын тіркел-

рын тартуда да жүйелі жұмыстар жүруде. Биыл 12058 иммигрантқа квота белгіленді. Оның 5984-іне көшіп келуге рұқсат берілді.

Сонымен қатар, шетелдік жұмыс күшін тартуда да 402 маманға рұқсат берілген. Олар – Қытай, Үндістан, Түркия елдерінен келетіндер. Жалпы, жоғарыда аталған топ өкілдерінің елде тұруына рұқсат беру мен мерзімін ұзартудан облыстық бюджетке 288 млн теңге-

ден астам қаражат түскен.

Жиында облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманғали Исағұлов атқарылып жатқан жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталды.

Қазақстан азаматтығын алу мен ел аумағында тұрғылықты тұру туралы рұқсатты Өзбекстан және Моңғолиядан келген 65 қандасқа берілген. Шетелдік жұмыс күшін құзырлы органдар тіркейді. 448 шетелдік тіркелген.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Саламатты қоғам үшін

Алдағы екі жылда республика бойынша «Саламатты асханалар», «Саламатты кафетерийлер», «Саламатты дүкендер» сынды дұрыс тамақтану жөніндегі кәсіпорындар желісі пайда болады. Бұл Қазақстанда денсаулық мәселелері бойынша халықтың сауаттылығын арттыру және саламатты өмір салтын насихаттауды күшейту мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған Жол картасы аясында жүзеге аспақ.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Құжатқа сәйкес 2025 жылға дейін дұрыс тамақтану жөніндегі кәсіпорындар желісінде 39 нысан салынақ. Әлеуметтік жоба аясында 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың тамақтану рационалына байланысты балалар ұжымдары үшін бірқатар ұлттық ұсынымдар әзірленеді.

Жол картасы спорттық жарыстар мен денсаулық фестивальдері сияқты бұқаралық шараларды өткізуді, белсенді демалыс пен спорт үшін инфрақұрылым құруды, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша түрлі іс-шараларды, денсаулық сақтау мекемелерінде денсаулық сақтау саласындағы халықтың сауаттылығын арттыру үшін білім беру бағдарламалары мен консультациялар өткізуді жоспарлайды.

Сарапшылар халықтың әртүрлі жасқа дене белсенділігі жөнінде ұлттық ұсынымдарды енгізетін болады. Халық арасында жарақаттанудың алдын алу, темекі, алкоголь, психоактивті заттар тұтыну бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Барлық жерде темекіге қарсы кабинеттер, темекіні тастаушыларға арналған сенім телефондары, темекі шегуден бас тартуға арналған қосымшалар құрылады.

Денсаулық сақтау министрлігінің пайымынша, Жол картасы қазақстандықтардың өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттырып, саламатты өмір салтын қалыптастыруға және денсаулықты сақтауға ықпал етуі тиіс. Бастама қоғамды мықты және дені сау халқы бар елге айналдыруда маңызды рөл атқарады деп күтіледі.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

Қызылша жұқтырғандар көбейіп келеді

Жетінші тамыздағы дерек бойынша аймақта қызылша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанованың айтуынша, 73 жағдайдың 53-і зертханалық талдау нәтижесінде расталды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тікелей эфир барысында мәлім болғандай ауырғандардың дені – 14 жасқа дейінгі балалар.

– Тіркелгендердің 87,6%-ы – балалар. Оның ішінде, жеті жағдай алынып тасталды, 13 жағдай әлі зерттеліп жатыр. Науқастардың 88,6%-ы – егілмеген балалар, – деді Гүлжан Байгутанова.

Бұл ретте спикер көп жағдайда инфекция шетелден келген, сонымен бірге, республиканың басқа өңірлеріне барғандар арасында анықталғанын жеткізді.

– Инфекция шетелдерден, сондай-ақ, Астана, Алматы, Шымкент, Павлодар сияқты қалаларға барып келген балаларда анықталып отыр. 24,7%-ы отбасындағы байланыс арқылы жұққан. Жағдайдың барлығы анықталып, байланыста болған 2 701 адам медициналық бақылауға алынды. Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша бұрын егілмеген 120



адамға екпе салынды, – деді Гүлжан Жақтайқызы.

Қызылша – тез жұғатын ауру. Маманның айтуынша, қызылша жоғары температура, интоксикация, жөтел, мұрыннан су ағу, фотофобия, конъюнктивит, теріде және ауыз қуысының шырышты

кабаттарында ұсақ нүктелі бөртпе түрінде көрініс береді.

– Қызылша вирусы жөтел, түшкіру кезінде ауа арқылы жұғарды. Қызылшамен, әдетте, екпе ал-

менингит, панэнцефалит сынды асқынуларға себеп болуы мүмкін, – деді Г.Байгутанова.

Оның айтуынша, қызылшаны емдеудің тиімді және нақты әдісі

на қызылшамен паротитке қарсы компонентпен бірге қолданылады. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында 1 жастағы 7 967 бала және 6 жастағы 9 783 бала аталған ауруға қарсы егілді, – деді спикер.

Тікелей эфир аясында спикер вакцинациядан бас тарту – денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселеге айналғанын жеткізді.

– Бүгінгі таңда облыста екі мыңға жуық баланың ата-анасы түрлі себептермен профилактикалық егуден бас тартты. Вакцинамен қамтудың төмендеуі ұжымдық қорғаныстың әлсіреуіне, жұқпалы аурулардың пайда болуына және таралуына алып келеді. Сондықтан санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мүдделі ведомстволардың, діни, қоғамдық ұйымдардың қатысуымен халықтың жекелеген топтарын ақпараттандыру бойынша түсіндіру және ақпараттық жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде бас тартқан 593 адам екпе алды, – деді ол.

Қазіргі таңда әлемде, оның ішінде, Қазақстанмен шекаралас елдерде қызылшаның тіркелуі жиіледі. Ақпаннан бастап елімізде қызылшамен сырқаттану жағдайы өсіп келеді.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Қауіпсіздік – қатан бақылауда

Өңірде шомылу маусымы басталғаннан бері 10 адам суға кетіп қаза тапса, оның біреуі – кәмелет жасына толмаған бала. Суда шомылу қауіпсіздігіне бейжай қарап, орны толмас өкінішке ұрындырған жағдайлар туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында егжей-тегжейлі айтылды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ақылбек Ахметжанов, Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Мақажанов, көліктік бақылау бөлімінің бас маманы Саят Қуанышбеков өңірде орын алған оқиғаларды тілге тиек етіп, қауіпсіздік шараларын қатан сақтауға шақырды.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Адам өміріне қауіп төндір-ген 10 оқиғаның бесеуі – белгісіз жерлерде суға түсу, біреуі – баланы қараусыз қалдыру салдарынан орын алды. Төрт балықшы суға кеткен. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 23%-ға төмен. Балалардың суға кетуі де 5 есеге азайған, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ақылбек Ахметжанов.



Құзырлы орган балықшылардың сақтық шараларын назарға алмағанын айтады. Құтқару кеудешелерін кимеген. Су көлігінде қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзған.

Құтқару кеудешесіз суға түсу өте қауіпті. Балқаш көлін-

де орын алған жағдайда ер-азамат суға кеткен әйелін құтқару кезінде суға батып кетті. Су көлігіне артық адамның мінуі де қауіпсіздікке мән бермейтіндігін көрсетеді. Осылайша су айдындарында қауіпсіздік ережесін бұзғандарға 18 хаттама толтырылып, 222 мың теңге айыппұл салынды. Оның біреуі – заңды тұлға.

Су айдындарында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін 96 адамнан тұратын 10 мобилді топ, 20 бірлік техника, 31 жүзу құралы бар.

Аймақтағы су айдындары да жауапты мекеме назарында. Нұра-Сарысу бассейндік аймағында 226 су айдыны бар. 224-і жергілікті, 2-еуі республикалық маңызы бар су айдындары. 121 су айдыны 92 жануарлар дүниесін пайдаланушыға бекітілген. Жергілікті – 103 су айдыны және республикалық – 7 су айдыны резервтік қорды құрайды.

– Жыл сайын балық комитетінің тапсырмасына сәйкес төтенше жағдайлар департа-

ментімен бірлесіп, жазатайым оқиғалардың алдын алуда, су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын сақтау үшін рейттік шаралар ұйымдастырылып тұрады. 12 бірлескен рейд өтсе, Қарағанды және Ұлытау облыстарында 200-ден астам түсіндірме жұмыстары жүргізіледі, – дейді Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Мақажанов.

– Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы су көлігіне бақылау және қадағалауды жүзеге асырады. Аймақта 532 су объектісі бар. Оның ішінде, 82 көл, 93 су қоймасы, 123 өзен, 124 платина, 39 уақытша су қоймасы, 71 жерасты көзі бар. Балқаш көліндегі 273,4 шақырым су жолын бақылаймыз. Инспекциядан 820 қайық тіркеуден өткен. Бақылау жұмыстары нәтижесінде техникалық қауіпсіздігі төмен су көліктерін пайдалануға тыйым саламыз, – дейді көліктік бақылау бөлімінің бас маманы Саят Қуанышбеков.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Кәсіпкерлік қанат жайып келеді

Шахтинск – шағын ғана кеншілер қаласы. Оның аумағына жапсарлас жатқан Шахан, Долинка, Жаңа Долинка кенттері де кіреді. Міне, осы өңірде кейінгі кезде кәсіпкерлік те қанатын жайып, құлашын жазып келеді.

тұрғындарға бизнесті қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың шарттары жөнінде ақпараттар беріліп, раттар орналастырылған. Әділ Сейіловтің айтуынша, халықты ақпараттық қамтамасыз ету және көбірек қамту үшін

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің аймақта бүгінде шағын және орта бизнеспен 5579 адам айналысады, – деді Шахтинск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әділ Сейілов. – Олар уақыт өткен сайын қарқынды арттыруда. Мәселен, биылғы бірінші тоқсанның өзінде бұл құрылымдар 4 млрд. 892 млн. теңгенің өнімін өндірсе, ол былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 177,2 пайыз болды.

Соған орай қалада кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетілуде. Яғни, биылғы жартыжылдықта 35 жобаға қаржылық қолдау жасалып, осы жылы кәсібін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге қала әкімінің 17 млн.теңге грантын бөлу көзделіп, сол бойынша конкурс алдағы қараша айында өткізілімек.

Жыл басталғаннан бері өңір кәсіпкерлері 40,7 млн. теңге инвестиция құйып, сауда және қызмет көрсету саласында ашқан 17 нысанында 25 адамды жұмыспен қамтыған.



сатып алуларға қол жеткізу де. Сондықтан аймақтарда бизнесті жүргізу жеңілдігінің Ұлттық рейтингін өткізу практикасы жалғаса береді. Бизнес-климаттың шынайы жақсаруы үшін практикалық шешімдер қажет» деген еді. Осыған сәйкес жүргізілген рейтингтің қорытындысында 2022-2023 жылда Шахтинск еліміздегі 200 қаланың ішінде 56-орыннан 33-орынға көтерілген. Бұл жетістіктерін баянды етіп, одан әрі алға басу мақсатында Шахтинск қаласы мен маңындағы кенттерде

түсіндіру жұмыстары жүргізіледі екен. Атап айтқанда, жыл басынан бері қала мен аталған кенттер кәсіпкерлерімен өткізілген 3 кездесуе облыстық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық басқармасының, «Даму» қоры мен облыстық кәсіпкерлер палатасының мамандары қатысты. Бұдан бөлек, Шахтинск қалалық әкімдігінің интернет-ресурсында ҚР мемлекеттік интернет-ресурстарының бірыңғай порталының «Қызмет бағыты» – «Шағын және орта бизнес» бөлімінде бизнесті қолдауға қатысты ақпа-

«Орен Шахтинск» ашық әкімдігінде қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар туралы бейнероликтерді көрсету ұйымдастырылады. Сол сияқты кәсіпкерлік нысандарына ыңғайлы және көмек болуы үшін әлеуметтік желілерде құрылған топтарда тұрақты түрде бизнесті қолдаудағы мемлекеттік шаралар туралы үнемі хабарланады. Соның нәтижесінде Шахтинск мен оған қоныс кенттерде кәсіпкерлер қатары да көбеюде.

ШАХТИНСК

Құттықтаймыз!

Алғашқы көрген қызығым, көзімнің нұры, көңілімнің жыры, аталарының күні болған қызым **Саягүл Айдарқызы Әубәкірова-Қайыргелдинаны** 9 тамызда 50-ге келер мерейтойымен құттықтаймын! Жасынан білім мен ілімге құштар болып, «ақылым – тозбайтын тоным, білімім – таусылмайтын кенім» деген қағида ны қару етіп, ерен еңбегінің арқасында профессор атағына дейін биіктеп, бүгінде үлкен ұжымды басқарып отырған қызыма.



Тұңғышым менің алтыным, Көркі ортасының, халқының, Сен туғанда қуанып, Қасымда жүрсен балқыдым.

Білім болды қанатың, Өсті өрісің, санатың. Құтты болсын жеңісің, Жалындай болып жанатың.

Күн нұрындай жарық бол, Ағаларындай алғыр, алып бол, Бақытты болып өмірде, Қадірі асқан Ана бол!

Қос атаңның ғұмырын тілеймін, Жазған еңбектеріңнің жеңісін тілеймін, Басыңда Бак, астыңда жылжымастай Тақ болып, Деніңе саулық, езуіңе мұңсыз күлкі тілеймін.

Ұлынды ұяға, қыздарды қияға қондырып, Күнделікті өмірді шаттыққа риясыз толтырып, Арманы асқақ, үміті көміл ұрпағыңды, Шаттыққа бөле, батанды беріп, бақ тілеп!

Бауыр-жекжат бір өзіңе қарайды, Жанашырым, ақылшым деп санайды. Жақсылығың жасаған ұшан-теңіз, Аман-сау боп жүргеніңді қалайды.

Апа-сіңлі, бауырларың іздейді, Эльвирада Саяшқалап сіз дейді. Ата-баба әруағы жар болып, Ұзақ жаса! Үлкен үй бол іргелі!

Денің сау боп, дертіңе шипа берсін, Көңіліңе көктем-көңіл мәңгі қонсын. Дүниеде бақытқа ие 100 жан болса, Сол жүздіктің біреуі сөзсіз сенсін!

Ізгі ниетпен: Анасы – **Зүлфина Төлеубайқызы**, бауырлары – **Игілік-Эльвира, Сағыншы, Сандуғаш, Алмагүл, Іңкәр.** Нұра ауданы, Нұра(Киевка)кенті.

№469

АПТАЛЫҚ

Ана сүтін ештеңе алмастырмайды

Ана сүті – дүниеге енді келген сәбидің ағзасына сай келетін жалғыз өнім. Оның құрамында балаға қажет барлық дәрумен бар. Оны ешбір малдың сүті де, жасанды қоспа да алмастыра алмайды. Сол себепті де Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тамыздың бірінші аптасын «Дүниежүзілік омырау сүтімен қоректендіру апталығы» деп жариялады. Бұл 1990 жылдан бері аталып келеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

анасымен психикалық байланыс орнатуына әсер етеді, – дейді Қарағанды қаласының №1 перина-

заттарды азайту қажет, бірақ бұл оларды мүлде жемеу керек деген сөз емес. Кей тағамдар ішекте ашуы мүмкін. Олардың қатарында тәтті нан өнімдері, йогурттар, жүзім мен газды сусындар бар. Сонымен қатар, ана сүтінің дәмін өзгертетін азық-түлік бар. Мысалы, қырыққабат, пияз, сарымсақ, шалғам сияқты көкөністер сүтке қышқыл дәм береді.



Бала құқықтары туралы конвенция бойынша әр нәрсете және басқа жас топтары дұрыс тамақтануға құқылы. Ана сүтімен қоректендіру бағдарламасын аталған ұйымға мүше 170 ел қабылдаған. Оның ішінде, Қазақстан да бар.

– Әр ана дүниеге әкелген баланың дені сау болғанын қалайды. Ана сүтінің құрамында баланың қажеттілігін қамтамасыз ететін заттар бар. Атап айтқанда, баланың иммунитетін қалыптастыруға атсалысатын пребиотиктер мен пробиотиктер, балаға энергия беріп, оның миының дамуына әсер ететін ерекше майлар, лактоза, ақуыз, нуклеотидтер мен дәрумендер, минералдардан тұрады. А иммуноглобулин әсерінен барлық инфекциялық аурулардан қорғайды.

Ана сүтімен қоректенетін балалардың денсаулығы жақсырақ. Бала психикасының, интеллектінің дамуына және оның

талдық орталығының неонатолог дәрігері Жанар Оразбаева.

Дәрігердің айтуынша, ана сүтімен қоректендіру балаға ғана емес, әйел адамның өзіне де пайдалы.

– Бала емізетін әйелдерде сүт безі мен аналық без қатерлі ісігі, кант диабеті, артериалды гипертензиямен сырқаттану қаупі төмен болады. Омырау сүтімен қоректендіру ананың баламен эмоционалды байланысын күшейтеді, күйзеліс деңгейін төмендетеді, – дейді Жанар Абайқызы.

Маман бұл экономикалық жағынан да тиімді екенін алға тартты.

Ел арасында бала емізетін аналарға «екі адам үшін» тамақтану керек екені жиі айтылады. Дәрігер бұл дұрыс емес дейді.

– Бала емізетін анаға түрлі көкөністер, ет пен балық түрлерін, дәнді-дақыл өнімдерін, жанғақтар жеген жөн. Жоғары аллергиялық

Мұндай жағдайда бала емуден бас тартуы мүмкін, – дейді ол.

Кейде жас анаға сүтті шай ішу, жанғақ жеуді, түрлі препарат ішуді ұсынатындар бар. Дегенмен, бұлардың ешқайсының тиімділігі дәлелденбегенін ескерген жөн. Сүтті көбейтудің жалғыз жолы – баланы жиі емізу және дұрыс тамақтану.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, Қазақстанда тек ана сүтімен тамақтанатын балалардың үлесі 37,8 пайызды құрайды. Баланы бір жасқа дейін емізетіндер 59,8 пайыз болса, екі жасқа дейінгілердің үлесі – 21,1 пайыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне, баланы 2 жасқа дейін емізген жөн. Алайда, бұл бала екіге келгенше тек ана сүтімен тамақтану керек дегенді білдірмейді. 6 айынан бастап, баланы қосымша тамақтандыруды бастау керек.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Шойын жолда шыңдалған әулет

Әр адамның дара жолы бар. Таңдауы – сол. Ал, бір отбасының бір салада жұмыс істеп, сол жерден болашағын бағдарлағандарды кім дейміз? Әрине, бұл – ұрпақтар сабақтастығы. Біз, әңгіме арқауына алып отырған әулет те «Теміржол – өмір жолы» дегендер...

1937 жылы Қарағанды-Балқаш теміржолы тартылғанда құрылған Ақадыр станциясында Төлеу Жұматаев вагон ДЕПО-сында қызмет атқарды. Ауыр да қызықты еңбекте шыңдалған азамат ауылда абыройлы болды. Теміржолдағы Жұматаевтар әулетінің ғұмыры осылай басталды. Кейінгі ұрпақтары да осы саланы таңдады.

Ұлдарының үлкені Амантай машинист көмекшісі, ДЕПО-да кезекші, зейнеткерлікке шыққанша дөңгелек цехында жұмыс істеді. Тоқаш болса, ДЕПО-да еңбек етті. Ал, Боран – машинист көмекшісі, жолсеріктік жолды мұрат етті. Үйдің кенжесі Кенжетай – теміржолда өрт сөндіруші.

Ауылда қалып қоймай, жоғары білім алып, биіктерді бағындырамын деген Жақсылық Төлеуұлы 1959 жылы дүниеге келді. Әкесі ырымдап, ауылға астанадан жұмыс бабымен келген «Жақсылық» есімді басшының атын қойды. Ұлының өмір жолы данғыл болсын деген еді.

Дуалы ауыз ауыл азаматының сөзі де желге ұшпады. Еңбекқор Жақсылық 1978 жылы Алматыдағы теміржол институтына оқуға түседі. Оқу орнын бітірген жас маман туған ауылына келіп станция кезекшісі қызметін бес жыл істеді. Кейін 1997 жылдан

теміржолы – Жүк тасымалы» ЖШС қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры қызметінде жүрген уақытында қайтпас сапарға аттанып кете барды.



Жезқазған станциясын сегіз жыл басқарды. 2006 жылы «Қазақстан темір жолы» Ақмола филиалының директоры қызметіне тағайындалады.

– Жақсылықтың жақсы бір қасиеті – әр қолға алған ісінің түбіне дейін жеткізетіндігі. Темірдей тәртіп пен адал еңбектің адамы болды. Жоғары кәсіби біліктілігі, күрделі мәселені шебер шеше білетін қабілеті, еңбеккерлерге, әріптестеріне деген сыйластығы есімізде қалды, – дейді әріптесі әрі досы болған «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағанбетов.

Ажал айтып келмейді. Жақсылық Төлеуұлы «Қазақстан

Ақадыр кентінде 45 жыл бойы теміржол саласында қажырлы қызмет атқарған, теміржол саласының үздігі, Құрметті теміржолшы Жақсылық Төлеуұлына арналған мемориалдық тақта қойылды.

Ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы Шәкәрім Жанабай-ұлы Жұматаев бүгінгі күні «Қазақстан темір жолы» Қарағанды бөлімшесі директорының бірінші орынбасары болып еңбек етуде.

Ақадыр станциясында еңбек өтілі басталған Жұматаевтар әулетінің еліміздің теміржолына сіңірген еңбегі алдағы уақытта да жалғаса бермек...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

«Saryaqqa Aqparat» ЖШС ұжымы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы редакторы, марқұм Тілеухан Жүсіповтің аяулы жары, ұлағатты ұстаз **Зекен Асамбекқызы ТУҒАМБАЕВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• КӨРМЕ

Отырар жәдігерлері – Арқада

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы қорынан «Ұлы Жібек жолы және Отырар алқабының қалалық мәдениеті» атты жылжымалы көрменің ашылуы өтті.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталмыш көрме көне қала Отырар тарихымен, ежелгі жәдігерлермен, қасиетті өлкенің мәдениеті және руханиятымен, жас ұрпақты ата-бабаларымыздың ұмыт болған ежелгі мұрасымен таныстыру мақсатында қолға алынған.

Көрменің ашылуында музей басшысы Ержан Нұрмағанбетов, «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы басшысы Жангелді Махашов және Қарағанды облысының тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының басшысы Түлкібай Төлеуов сөз сөйледі.

Отырардай киелі мекеннен Арқа атырабына аяқ басқан құрметті қонақтарға арнап Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисті, республикалық байқаулардың лауреаты Дулат Аханов Иман Жүсіптің «Сары мойын» әнін шырқады. Домбыраның күмбірі мен әнші дауысы көрме әрн одан сайын кіргізе түсті.



Жалпы, қонақтарға көрмені таныстырып, оларға көне қаланың сырлы сапайымен мен киші құмыралары туралы баяндаған «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының экскурсоводы Ерлан Әскерини.

Бұл көрменің өзгешелігі мұнда қаланың бірнеше дәуірі тарихи топтасқан. Мысалы: Темір дәуіріндегі Отырар, Қараханист дәуіріндегі Отырар, Ұлы Жібек жолындағы Отырар тарихы. Сонымен қатар, Қазақ хандығы тұсындағы Отырардың ахуалы да көрініс табады. Сондай-ақ, археологиялық жәдігерлер – керамикалық бұйымдар, нумизматикалық материалдар, шыныдан жасалған заттар, ескерткіштерге қатысты аэрофотолар мен карталар да ұсынылған, – деді Ерлан Әскерини.

• БАЙҚАУ

Жыл үздігі Азамат

Аймақтағы рухани қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың облыстық байқауы өз мәресіне жетті. «Жылдың үздігі жас кітапханашысы-2023» аталымының жеңімпазы атанған Шет аудандық кітапханасының қызметкері Азамат Нұрахметов қазан айында өтетін республикалық байқауда облыс намысын қорғайды.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кітапханашылар арасында өткен кәсіби шеберлік байқауы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен өтті.

Байқаудың көздеген мақсаты – көпшілік кітапханалардың кадрлық әлеуетін дамыту, жас мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігін арттыруға жәрдемдесу және жас кітапханашыларды ынталандыру, жастар арасында маман-

Бұқардың жыры – бұқара мұңы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конференциядан кейін меймандар Қарағандының орталық саябағына ат басын бұрды. Саябақ сахнасында еліміздің әр қиырынан келген жыраулар өнер көрсетті. Анығырақ айтсақ, Бұқар толғауларын жыршылар әр өңірдің мақамына салды. Жыршы-жыраулардың көшін бастап келген Алмас Алматов өзінің төл толғауын орындап берді. Қызылордадан келген Ұлжан Байбосынова Бұқар жыраудың толғауын Сырдың мақамына салып айтты. Айтыскер ақын, жыршы Дидар Қамиев Арқаның мақамымен толғады. Өзге де қатысушылар атакты жыраулардың туындыларын жаңғыртты. Бағдарлама екі сағатқа созылды. Тыңдармандар қарасы қалың болды. Мерекелік шарда облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов фестиваль қатысушыларына жылы лебізін білдірді.

– Бүгін, шынында, да керемет кеш болды. Сіздердей өнерлі азаматтар барда, баба мұрасы өлмейді. Сіздер де – бү-



гінгінің жырауысыздар. Елдің жоғын жоқтап, сөзін сөйлейсіздер. Сіздерге шығармашылық табыс, күш-қуат тілеймін, – деді Ербол Әліқұлов.

Фестивальге арнайы келген Сыр

өңірінің әйгілі жыршысы Ұлжан Байбосынова сөз ұстаған жыраулардың иығына ұлттық миссия жүктелгенін айтты.

– Бабалар сөзі – ұлттық рухтың алауындай. Елдігімізді баянды ету үшін сол алауды көздің қарашығындай сақтау қажет. Жыршы-жыраулар үлкен аманатты аркалап жүр, – деді Ұлжан Байбосынова.

Бұқар жырау фестивалі осыдан 10 шақты жыл бұрын белгілі айтыскер ақын Айтбай Жұмағұловтың бастамасымен қолға алынған еді. Содан бері жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

– «Бұқарекен жырлайды» фестивалі Қарағандыда дәстүрге айналды. Ол 2008 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұқар жыраудың 350 жылдығы бес жыл бұрын халықаралық деңгейде дүркіреген еді. Быыл 355 жылдығы республикалық ауқымда ұйымдастырылды. Баба мұрасын насихаттау жолында осындай шаралардың маңызы зор, – деп атап өтті фестивальдің ұйымдастырушысы Айтбай Жұмағұлов.

Фестиваль қорытындысы бойынша қатысушыларға арнайы сыйлықтар мен Алғыс хаттар табысталды.



• ФУТБОЛ

Өз алаңында ұпай жоғалтты

Футболдан Қазақстан чемпионатының XVIII туры аясында «Шахтер» командасы өз алаңында «Атырау» командасына қарсы ойын өткізді. Естеріңізе сала кетсек, «Шахтер» тамыз айында бес ойын өткізбек. Ал, соның бастапқысы тап осы атыраулықтармен өткен ойын.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ойын басталып кеткені сол еді, атыраулықтар бірден шабуылға көшті. Алғашында атыраулық Евгений Козловтың соққысы Игорь Шапкин қорғаған қақпаға дарымаса да, кейінгі шабуылда Нсунгуси Эффiong біздің қақпашыны қапы қалдырды. Бұл жерде қақпашыны кінәлауға негіз жоқ.

Себебі, аяқ допты алдымен көтерген «атыраулық» Демир Имери еді. Оның соққысын тойтарған Игорь қақпа алдына құлады. Ал, топтасқан әккі футболшылар қарап тұрсын ба? 9-нөмірдегі «Атырау» командасының тіс қакқан ойыншысы бос қақпаға голды салды да жіберді. Есеп 0:1. Бұдан кейін қос команданың ойыншыла-



ры атқа қамшы салды. Бірнеше соққылар кезек-кезек алаң шетіндегі қақпаларға қанша бағыттала да, қақпашылар тойтарып салып тұрды.

Ал, біздің еншімізге түскен айып до-

бын тебу сәтінде 8-нөмірдегі Стефан Буқарақ есепті еселеді. Бұл ойынның тең жартысы өткен сәт еді. Қарсылас қақпасына өткен гол «шахтерлықтарды» одан әрі жігерлендіре түсті. Атыраулықтар бұдан соң айлаға көшті. Десек те, бұл үрдіс алысқа бармай тағы да айып добын тебу мүкіндігі кеншілер еншісіне берілді.

«Шахтер» командасының мен деген ойыншыларының бірі Айдос Тәттібаева тиген мүкіндік бекер емес-ті. Шегіне, келіп тепкен доп «Атырау» қақпасын солқ еткізді. Есеп 2:1. Дәл осы голдан соң біздің жігіттер сәл босансып қалғандай еді. Аяқ допка алаң қожайындары емес қонақтар қожа болып, «Атырау» командасының шабуылшысы Александр Нойок соңғы голымен ойынды тәмамдады. Есеп 2:2.

Осы ойындан кейін «Шахтер» турнир кестесінде 19 ұпаймен Х сатыға тұрақтады.

• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Қоланы қанағат тұтты

Абу-Даби қаласында 12-13, 14-15 және 16-17 жас санаттарында жасөспірімдер арасындағы аралас жекпе-жектен әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 46 елден 650-ден астам спортшы жиналса, оның 35-і Қазақстаннан барды.



Тартысты өткен долада ел құрамына жалпыкомандалық есепте бесінші орынға тұрақтап, үш алтын және төрт қола медаль жеңіп алды.

– Қарағанды облысынан бес спортшыны үкілеп қостық. Солардың арасынан Егор Желтов қола медальға ие болды. Ол 52 келі салмақта 16-17 жас санатында бағын сынады. Жаттықтырушысы – өз ісінің шебері Дмитрий Ермолаев, – деп бөлісті аралас жекпе-жекте облыстық федерация басшысы Владимир Абросимов.

• ХОККЕЙ

Екі ойында да есе жіберді

Кеншілер астанасында елордалық «Номад» және қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубының арасында жолдастық кездесулер өтті. Жаңа маусым алдындағы бұл ойындар командаға жаңадан қосылған хоккейшілерді сынақтан өткізді.

Алғашқы ойында жерлестеріміз қонақтарға 1:0 есебімен жол берді. Келесі ойын тартысқа толы болды. Екі команда ойыншылары бір-бірінің қақпасын кезек-кезек нысанаға алды. Алайда, бағы мен бабы қатар шапқан «Номад» клубы 4:2 есебімен басым түсті. Осылайша, командалардың жаңа маусымға дайындығына ел қуа болды.

• ӨРТ СӨНДІРУ-ҚҰТҚАРУ СПОРТЫ

Кәсібилік сынға түсті

Қарағанды қаласының №9 өрт сөндіру бөлімінің спорт алаңында өртке қарсы қызмет бөлімшелері арасында өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша облыстық жарыс өтті. Оған облыстың төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің 15 командасы қатысты.

Сайыс өрт сөндірушілердің дағдысын жетілдіруге, біліктілігін арттыруға бағытталған. Жарыс алдында Мемлекеттік Әнұран шырқалды. Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Нұрлан Бекбосынов жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Күні бойы командалар бірнеше бағытта бақ сынасты. Жалпы командалық есепте I орынды №9 өрт-сөндіру бөлімі, II орынды №12 өрт сөндіру бөлімі, III орынды құтқару бөлімі иеленді.

Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



дағы облыстық балалар кітапхана басшысының орынбасары Қалқатай Қалиева қазылық жасады.

«Кітапханашы келбеті», «Библиопортфолио», «Библиоэрудит» және туған өл-

кесіне арналған шығармашылық қойылымы кезеңдерінен сүрінбеген Шет ауданының кітапханашысы жеңімпаз атанды. Оған 100 мың теңгелік сертификат және арнайы диплом табысталды.

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС. Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА. Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК. Газеттің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ. Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА.

Телефондар: Бас редактор: 43-38-53. Бас редактордың орынбасары: 43-58-08. Интернет-редакция редакторы: 43-38-33. Жарнама хатшы: 43-49-72. Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55. МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Осакаров, Шет аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Шахтинск қалаларының орталықтандырылған кітапханалар жүйесінен 11 үміткер қатысып, біліктілігін сынға салды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды. Газет жеткізілімесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru; Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ. Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131. БИК КСЖБЗКХХ БИН 000840001412. Таралымы 4 396. №87 тапсырыс. Индекс 65484. Оффсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша. «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сатбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН.